

## ӨСКЕЛЕҢ ҰРПАҚҚА СЕНЕМІН

– Кенжеғали Әбенұлы, қуанышты хабарды естігенде көңіл-күйіңіз көтеріліп, қатты толқыған шығарсыз. Ғалым үшін бұдан артық абырой бар ма, осы зор бағаның мәні не деп ойлайсыз?

– Ең алдымен толық тәуелсіздік алған егеменді елімізді бүкіл дүние жүзінің танығаны деп білемін. Өйткені, бұрындары Қазақстанды пәлендей, елеп-ескермей келген қауымдастық, енді міне, еңсесін көтерген ел ретінде мойындап, қатарына алды, қаперіне ілді. Қазақстандағы қайраткерлердің де санатқа еніп, олар жайлы мағлұмат жиналуы, әрине, көшелі елдер қосынына қосылуымыздың белгісі.

Атағы жер жарған адамдармен қапталдасып, менің де өмірбаяным жапсарлас жататыны, әрине, көңілді күптендіріп, мерейді өсірді. Бірақ, мұның басты себебі, Қазақстанның өркениетті азаматтық қоғам құруды мұрат тұтып, демократиялық қоғам орнатуға бет алуы деп түсінемін.

– «Жылдың таңдаулы адамы» атағы ғылыми және қоғамдық қызметте айрықша көзге түсіп, мейлінше жоғары жетістіктер биігінен көрінгендер ғана жететін асқарлы асудай заңғар мәртебе ғой. Өзіңіз туралы, қызметіңіз жайлы да оқырман қауымды хабардар етсеңіз.

Оң-солымды танып, дүние танымым қалыптаса бастаған шақта-ақ қазіргі нарық экономикасы деп жүргеніміз – күнделікті өмірдің тамыры балталап шабылған бастапқы кейіп-келбеті, тумысынан біткен болмыс-бітімі екенін ұқтым. Тек жасандылыққа ұрынып, табиғатына тән қалпынан іргесін бөліп, қабырғасын қаусата ажырасқан.

Сағымдай бұлдырап сонау алыста қалған Г.В. Плеханов атындағы институтта оқыған жылдар «халық шаруашылығындағы ең бастысы не: сауда ма, әлде кәсіпорындарды жабдықтау ма?» сауалы өткір қойылып, пікірталас қызу жүріп, қызылкеңірдек айтыс-тартыстарға өңешімді жырта мен де қатысқан едім. Бұл айтыстың мағынасы мынаған саяды: экономикада не тиімді: бөлу жүйесі ме, әлде тауар-ақша қатынастары ма? Осындай пікірталастардың қыздырылып, өрбітілуі нәтижесінде 1965 жылы алғашқы экономикалық реформа жасауға әрекет істелді. Бірақ, ол іс жүзіне асырылған жоқ.

Өмірімнің денін экономика кадрларын даярлау ісіне бағыштадым. Ұзақ жылдар бойы Целиноград ауыл шаруашылығы институтына басшылық еттім. Өмірдің ағымымен бүгінде Қазақ мемлекеттік экономикалық университетіне келіп, еңбек етуемін. Ертеректен аңсарым ауған ғылыми жұмыстан қол үзу әсте ойымда жоқ. Қоғамдық қызметке де араласып, тиісті маманға лайық жинақтаған тәжірибемді бөлісіп, Президенттің жанындағы Консультациялық кеңестің мүшесі ретінде қолғабыс тигізудемін.

– Республикадағы бірден бір экономикалық жоғары оқу орны – университеттің бүгінгі таңдағы міндеттері мен проблемалары туралы айтып берсеңіз?

– Ұдайы өндірістің жана тұрпатына көшуге қамданып жатқан республика халық шаруашылығында қазіргі уақытта аса қажетті мамандар

даярлау міндетін мойнына алған ҚазМЭУ-дің жоғары білім беру жүйесіндегі рөлі мен орны ерекше. Әлбетте, бүгінгі күннің өзекті мәселесі – нарық экономикасының қыр-сырын терең игеріп, жетік меңгерген білікті мамандар даярлау.

Бұл міндетті орындаудағы басты қиындық – нарық экономикасының механизмдерін ұңғыл-шұңғылына дейін үңіле зерттеп, ғибратты да, білімі де мол оқытушылар құрамына кіру. Сондықтан, оқытушылардың өздерін уақыт өктем ұсынған талаптарға сай оқытып, қайта даярлау қажет. Сол себепті, дамыған шетелдердегі қалыптасқан озық тәжірибеден үлгі алып, үйренуі үшін жас оқытушылардың бір тобын алыс сапарға аттандырдық. 134 жас оқытушы ондағы әріптестерінен дәріс алып, білім көкжиегін кеңейтіп қайтары анық.

Сонымен бір мезгілде нарық экономикасының заңдылықтарын електен өткізгендей елеп-екшеуге дағдыланған АҚШ, Германия сияқты елдердің 4 профессоры бізге келіп, дәріс оқуға келісті. Олардан басқа АҚШ, Германия, Франция, Англия елдерінен тағы он шақты профессор шақыру жоспарлануда. ТМД елдеріндегі білгір мамандар да назардан шығарылмады. Киев, Москва университетінің шетелдерде болып, тәжірибе жинақтаған бірнеше профессорларын қосып, игі іске пайдалану жүзеге асырылатыны күмән туғызбайды.

Нарық экономикасының негіздерін студенттердің зердесіне жеткізіп, көкейіне берік қондыру үшін менеджмент, макроэкономика, микроэкономика, статистика (ақпар), қаржы-банк жүйесі, аудит, халықаралық экономика қатынастары сияқты пәндердің тіні түзілуде, оларды шет елдерде оқып, тәжірибе жинақтап үлгерген оқытушылармен бірге сырттан шақырылған оқымыстылар оқытады. Мысалы, АҚШ профессоры Генри Ховард менеджмент кіріспесі пәнін жүргізеді. Жалпы, алдағы оқу жылы басталар шаққа дейін шамамен 150-200 оқытушы нарық негіздерін оқытып-үйретуге сақадай сай дайындықтан өтеді.

Көшелі елдер көшіне ілесу үшін ғылым, білім, мәдениет салаларын қарышты қарқынмен дамытып, олар шыққан мұзарт шыңдарға көз тігуіміз – биік мақсат үлесі. Іскер, кәсіпкер адамдардың жана өскелең ұрпағын баулып, ұядан ұшыру – қазіргі уақыттың маңызды талаптарының бірі. Нарық кадрлары экономикадағы өзгерістерді тікелей іс жүзіне асырып, алға жылжуымыздың басты алғы-шарттарының қатарына енетіні шүбәсіз. Тың ой тауып, идеялар ұсынушылар, оларды іс жүзіне асырушылар саны толық түзілгенде ғана алға басқан адымымыздың кері кетпесіне кепілдік туады.

– Оқу процесін ұйымдастыруда өзгерістер бар ма? Оқулықтар, оқу-құралдарымен жабдықталу мәселесі қалай шешілуде?

– Оқу процесінде түбірлі бетбұрыс бағыты айқындалғандықтан, жаңа оқулықтар іздестіріп табу күн тәртібіндегі кезек күттірмес басты мәселе ретінде қойылды. Мәскеуде және басқа ТМД елдерінде Батыс елдеріндегі арнайы әдебиет жылдам аударылып жатқаны көпшілікке мәлім. Тәржімеленген кітаптарды қолма-қол сатып алып, тірнектеп жинау тапсырылды. Күні бүгін орыс тіліне аударылған жиырма шақты оқулық бар.

Батыс елдерінен көмек сұрап едік, әртүрлі пәндерді жүргізуге жарайтын 600 кітап жіберілді. Ал, халықаралық экономика қатынастары факультетіндегі сабақтар тек ағылшын тілінде жүретін болғандықтан, мұндағылардың «жарасы жеңілдеу, тезірек жазылатын» секілді.

АҚШ-тың Алматыдағы толық өкілетті елшісі Уильям Кортни нағыз мырзаға тән биязылық көрсетіп, оқулықтармен жабдықтауда қол ұшын беруге уәде етті. Жиналған оқулықтарды қазақ және орыс тілдеріне тікелей аударатын тәржімешілер тобын ұйымдастырдық. Арнайы баспа-редакция құрдық.

Былтырғы жылдан екі курс едәуір өзгерістер енгізіліп, жеделдетілген бағдарламалармен оқиды. 1994-95 оқу жылынан мүлдем басқаша жаңа оқу бағдарламасы жүреді. Тиісінше кафедралар құрылымы да түгел жаңартылады.

Өткен жылдан бері кәсіпорындармен тікелей шарт жасасу жүйесіне көштік. 260 студент осы жүйе бойынша қабылданды. Қазіргі уақытта мемлекеттің тарапынан бөлінетін қаржы жетіспегендіктен кәсіпорындардың қаражатын іске қосу әлдеқайда тиімді. Меніңше студенттердің 60 пайызы мемлекеттік тапсырысқа қалдырылып, қалғанын кәсіпорындармен тікелей шарт жасасу арқылы қабылдаған орынды. Түптің түбінде ақылы оқу жүйесі орнайтыны сөзсіз, сондықтан осы бастан қамданған қапы қалмайды. Әрине, күні бүгін бәрінен ақы талап ету ертерек. Алайда, жаппай ақылы оқудың ауылы да алыс емес.

Бұрынғыдай жаппай міндеттеу жойылғандықтан студенттерді өндірістік тәжірибеден өткізу қиындады. Бірақ, оның да амалын таптық. Қазақстанның экономика саласындағы министрліктерінің және ведомстволарының басшыларымен осы мәселе хақында шарт жасастық. Болашақтың қамын жеп, басқа да деректер ойластырдық. Университет өзінің коммерциялық банкін ашып, жеке аудиторлық компания, сақтандыру компаниясының бөлімшесін құрды.

Экономикадағы құрылымдық өзгерістерге байланысты кейбір мамандықтар қысқартылып, жаңа мамандықтар енгізілді. Мысалы, тұрмыстық қызмет көрсету, т.с.с.

– Экономиканың дағдарысы жағдайында барша жұрт мамандардың пікіріне елендеп, көбірек құлақ асады. Реформаны жүзеге асырушылар мен ғалымдар арасында тығыз байланыс бар ма? Оның жүру барысы жайлы ойыңызды ортаға салсаңыз?

Өкінішке орай, ғылым мен өндіріс арасында нақты, тығыз байланыс жоқтың қасы. Бізді, ғалымдарды, тәптіштелген ұсыныстар жасамайсындар деп сөгеді. Рас, алғашқыда бәріміз де абыржып, сасып қалдық. Ал, қазіргі жағдай туралы айтарым: жалпы ахуалды тұтас бағалап, терең ой елегінен өткізу жетіспейді. ТМД елдерінің экономикасындағы ең әлсіз буын – қаржы-несие саясатының шашыраңқылығы. Әрбір мемлекет сомның құнын түсіретін іс-қимылдарды үдетіп отырған шақта ақшаның өзіне тиісті рөлін атқаруы мүмкін бе? Шатқаяқтап, тәлтіреген сомға тірелмей, Қазақстанның да өз ақшасын шығаратын уақыты жетті.

Тағы бір атап өтер жәйт, күні бүгінге дейін экономикалық дамудағы басты бағыттарды белгілеуде жіті қадам жасалған жоқ. Үкіметте қазір 17 бағдарлама бәсекеге түсіп, талқылануда. Ал, бұл туралы бірде бір журналист жазған жоқ. Бағдарламалардың ешқайсысы да өзекті проблемаларды толық қамтымаған, алысты болжайтын нысаналы бағдар көрінбейді.

Басты бағыттың бірі ауыл шаруашылығы мен онымен тығыз байланысты жеңіп және ұқсату өнеркәсібі салаларын қайта құрып, қарышты дамыту қажет. Бұлар қысқа мерзімде қайтарым беретін, тез бейімделе алатын салалар. Көптеген елдер, соның ішінде зор халқы бар Қытай да осы жолмен жүріп, алты-ақ жылдың ішінде оң нәтижелерге қол жеткізді. Ал, Қазақстанның мүмкіндігі мол екенін бірімізден соң біріміз қайталаудан жалықпаймыз. Бәрімізді қинап отырған қаржы тапшылығы ғой. Ең алдымен мұнай, газ өнеркәсібіндегі табыстарды ауыл шаруашылығына жұмсау қажет. Шетелдік қаржының маңызын да жоққа шығаруға болмайды, мұны дүниежүзілік тәжірибе көрсетті. Тек, тағы да жартыкеш шаралармен шектеліп, шалағайлыққа ұрынбасақ етті.

Онсыз да оңбай тұралаған экономиканың тұрақсыздығы аландатады. Қабылданған заңдардың шикілігі кесірін тигізіп, олардың олықлықтары орындалуы барысында айқындалуда. Атқарушы органдардың да кемшіліктері аяққа тұсау болуда.

Әңгімелескен  
Жанарбек Қожағалиұлы,  
«Сұхбаттың» арнаулы тілшісі